

5. Структурализм: «за» и «против». – М.: Прогресс, 1975. – С. 37-113.
6. Валгина, Н.С. Теория текста [Текст] / Н.С. Валгина. – М.: Логос, 2003. – 280 с.
7. Богин, Г.И. Обретение способности понимать: Введение в филологическую герменевтику [Электронный ресурс] / Г.И. Богин. – Режим Достапа: <http://www.auditorium.ru/books/5/BOGIN>.

А.Күзембайұлы

тарих ғылымдарының докторы, профессор

ТАРИХТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ФУНКЦИЯСЫ

Адамзат қоғамындағы қай ғылымның болмасын өзінің атқарар қызметі, өзінің мәртебелі міндеттері болатындығы белгілі. Жаратылыстану ғылымдарының өндірісті дамытуға, оған жаңа технология енгізу үшін істеп жатқан іс-шараларын айтпаса да түсінікті. Ал қоғамтану ғылымдарының қаншалықты пайдасы бар? Міне, осы сұрақ ғалымдарды сонау ерте заманнан-ақ ойландырып келеді.

Алдарыңыздағы шағын мақалада осы теориялық мәселе көне заманда қалай пайда болып, біздің заманымызда өз шешімін таба алды ма?

Тарих ғылымы пайда болған кезден ақ ол белгілі бір әлеуметтік топтардың мүддесіне сәйкес келгені анық. Кез-келген ғылыми танымның әлеуметтік мәні болады. Ал тарих ғылымының қоғамдағы әлеуметтік рөлі ерекше. Әсіресе, XIX ғасырдың орта шенінде тарих ғылымының беделі, оның қоғамдағы орны және қажеттілігі тым жоғары болды. Бұл уақытты кейде тарихтың «алтын ғасыры» деп те атайды. Ол кездегі тарихи білім және ғылым қоғамдық қажеттілікке байланысты дамыды. Тарихшылар өз ғылымын қолданбалы дәрежеге дейін көтерді. Олар ел басқарып отырғандар, саясаткерлер мен саясатқа әсер етуші беделді азаматтар тарихи заңдылықтарды білуі қажет деп ойлады. Білімсіздік, әсіресе тарихи үрдістер мен қоғамның даму заңдылықтарын ескермеу әлеуметтік катастрофаға әкеліп соғыу мүмкіндігін ескертті. *«Историография призвана*

удовлетворить широкий спектр социальных и индивидуальных потребностей» [1] деп айтылады Минск қаласында жарық көрген «Методологические проблемы истории» деп аталатын кітапта.

Өкінішке орай, XX ғасырда тарих ғылымы бұрын-соңды болмаған дағдарысқа ұшырады. Әлем тарихы жөнінде іргелі зерттеулер, көптеген том кітаптар жарық көргенімен, ғылым саясаттың құралына айналып кетті. Ол белгілі бір әлеуметтік топтың сойылын соғып, оның идеологиялық ұстанымдары «ғылыми» негізіне айналды. Әлбетте, мұндай жағдайда тарихшы объективті шындықты айта алмайтындығы белгілі.

Тарихтың ғылым ретінде оның табиғатын айқындайтын негізгі әлеуметтік функциясы халықтың, жеке тұлғалардың өткенін ұмытпау, есте сақтау. Тарихтың атасы атанған көне грек тарихшысы Геродот *«чтобы прошедшие события с течением времени не пришли в забвение и великие и удивления достойные деяния, как эллинов, так и варваров не остались в безвестности, в особенности же то, почему они вели войны друг с другом»* [2] деп жазған болатын. Міне, осы тарихшының жинап, ғылымға кіргізген деректері осы күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ. Оның қазақ жерін көне заманда мекендеген тайпалары жөніндегі мәліметтері бүгінде қазақ тарихының негізгі деректерінің бірі болып отыр. Жалпы антика, орта ғасырлық

тарихшыларының еңбектері арқасында өткен замандардағы уақиғалар мен саяси, экономикалық және рухани процесстер біздерге дейін жетіп отыр.

Қазіргі кезде тарих ғылымының әлеуметтік функциясы жөніндегі түсінік мүлдем басқаша. Бүгінгі тарихшылар алдында тұрған міндет адамзат қоғамының ғасырлар бойғы саясат, шаруашылық және мәдениет саласындағы тәжірибелерін жинақтап, оларды келер ұрпаққа жеткізу. Егер өткен заманның сабақтарын ескермесек, оларды күнделікті ісімізде пайдаланбасақ алға жылжу да мүмкін болмас еді. Сондықтан *тарих өркеніет пен ұрпақ арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.*

Тарихқа көзқарас жеке тұлғаның өмірбаянынан тұрады. Бірақ оның тарихы шектеулі. Ол өз жөнінде мемуар жазғанда заманында болған барлық уақиғаларға тоқтала алмайды. Екіншіден ол сол өзі қатынасқан уақиғаларға өзінің көзқарасы тұрғысынан баға береді. Ал тарих қоғамның өткен жөнінде қалыптасқан, уақыттың тезінен өтіп көпшілікке белгілі болған, олар мойындаған фактілерден тұруы қажет.

Әлеуметтік тарихи сана да шектеулі әрі толық емес. Белгілі бір қоғамның тарихын бір немесе бірнеше тарихшы жиналып жазып шығуы мүмкін. Ал тарихи шығарманың толықтығы оның деректерінің молдығына байланысты. Тарихи уақиғалар мұрағат фондында сақталған құжаттарға негізделіп жазылады. Өкінішке орай, құжаттары сақталған уақиғалар толық баяндалады да, жазылып қалған дерегі жоқ уақиғалар қоғамның тарихи жадында қалмайды. Сондықтан да кез келген қоғамның толық тарихы жоқ.

Жазу-сызу өнері болмаған, немесе болса да кейінде үзіліп қалған қоғамның да тарихы жамау-жамау. Жазу өнері пайда болғанға дейінгі дәуірді тарих деп атаудың өзі қиын. Өйткені тек археологиялық деректер-

ге негіздеп қоғамның толық тарихын қалпына келтіру мүмкін емес.

Отаршылдық бұғауындағы кейбір халықтың тарихын жаулап алушылар жазады *«История почти пишется победителями и завоевателями и отражает их точку зрения, или, по крайней мере, версии победителей отдаются предпочтение, и она берет верх»* [3] деп жазған болатын үнді елінің белгілі қоғам қайраткерлері Д.Неру. *«Одна из наименее любезных черт победителя, – это намеренное разрушение вражеских достижений и замалчивание – часто через смерть – вражеских историков»* [4] – деп тура көрсетті ағылшын ғалымы Г.С.Коммеджер. Сондықтан да халықтың тарихи жадымен ресми тарихи ұстанымдарының арасында әрдайым сәйкессіздік болады. Мысалы, кешегі тәуелсіздікке дейін, тіпті осы кездің өзінде қазақ тарихы жөнінде жазылған кейбір кітаптарда, халықтың намысын қоздыратын кейбір фактілер әлі өріп жүр.

Акад. М.Қ.Қозыбаев *«Самобытная история казахского народа подгонялась под общие закономерности формационного характера, схематизировалась, из нее выпадали важные события и факты, выдающиеся исторические личности, деятельность которых не укладывались в доктринальные установки официальной идеологии»* [5] деп бұл құбылыстың пайда болу себебін түсіндірді.

Қоғам тарихының толықтығы тарихшының қолында бар деректерге оның біліктілігіне байланысты. Кейде өте қажетті мұрағат деректері ғылымның игілігіне айналмайды. Кейбір мұрағат фондылары құжаттардың құпиялығына байланысты ғылыми айналымға кірмей отыр. Ал шетелдік мұрағаттар көбіне қатардағы тарихшыларға арман болып қалды.

Міне, осы жоғардағы себептерге байланысты, адамзат қоғамының тарихы толық жазылды, оның барлық проблемалары шешілді деп айту қиын.

Кез келген қоғам, әлеуметтік топ өз тарихын білуге мүдделі. Ұлы болсын, қызы болсын жеті атасын білуге міндеттеген қазақ қоғамы өз тарихын білуді елдіктін белгісі деп есептеді. «Жеті атасын білмеген жетесіз», «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер», «Өткенге топрақ шашсаң келешек саған тас атар» деген мақалды өзінің өткенін қадірлеген халық қана тудыраы белгілі. Соңғы жылдары әрбір ру мен ұлыстардың шежіресі жазылып, батырлар мен ақындарға, билер мен шешендерге ескерткіш орнатылып, ас беріліп жатқандығы құптарлық іс. Сондықтан да тарихтың негізгі міндеті қоғамның өткенін қастерлеп, бүгінгісін пайымдап, келешегін анықтауы қажет.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары қазақ тарихының қоғамға қажеттілігі ерекше көрінді. Барлық мерзімді баспасөз беттерінде халқымыздың өткені жөнінде мақалалар топтамалары жарық көре бастады. Мұндай құбылысты акад. М.Қ.Қозыбаев былайша түсіндірді. *«Процесс пробуждения национального самосознания, духовного возрождения нации развивался ускоренными темпами, опережая разработку проблем истории, языка, литературы, нравственных категорий. В условиях формирования исторического сознания оказалась востребованной в первую очередь отечественная история»*[6].

Тарих ғылымының келесі бір кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі күнделікті өзгеріп жатқан қоғамдық құбылыстарға жеке адамның икемделуіне көмектесу. ХХІ ғасырда бүкіл әлем өз дамуының келесі бір деңгейіне көтерілді. Қазақстан сияқты бұрын сонды үлкен тарихи үрдістерге жеке бір тәуелсіз ел есебінде араласа алмаған елдер үшін жаһандану процесі қауіп төндіруі әбден мүмкін. Сондықтан қоғамдағы әрбір жеке тұлға өзін тарихи дамудың объектісі деп есептеуі қажет.

Тарих төрінен орын алатын қоғам қайраткерлеріне баға беру ғылымның негізгі міндеттерінің бірі. Өткен заманда өмір сүрген, қоғамның экономикалық, саяси дамуына, халықтың рухани байлығына үлес қосқан жеке тұлғаларды іріктеу, оларды дәріптеу, насихаттау біздің қасиетті борышымыз. Бұл тұста акад. М.Қ.Қозыбаев көзі тірісінде үлкен жұмыстар атқарды. Мысалы оның Мұхамед Хайдар Дулатидың қазақ топырағында қайта түлеп, оның шығармаларының қазақ тілінде басылып шығуы қазақ тарихшыларының мәртебелі міндеті еді. Немесе тарихшы болмаса да Ақжан Машанидің 1960 – 70 жылдары Әбунасыр әль Фараби мұраларын терең зерттеп, оны өз халқына қайта қайыруы үлкен азаматтық ерлік еді.

Белгілі бір тарихи уақиғаларға баға беруде ғылымның аса бір іждаһатты міндетті. Әлбетте, бұл тарихшының жеке басының біліміне, біліктілігіне, көзқарасына байланысты. Кенес тарихшылары кез келген қоғамдық құбылысқа партиялық, таптық тұрғыдан баға беруге шақыратын. Тәуелсіздік жылдары жарық көрген тарихи шығармаларда этноцентристік көзқарас басым болғандығы белгілі. Бүгінде қазақ тарихының отаршылдық дәуірін коммунистік көзқарасты негізге ала отырып баяндайтын болсақ жазған шығармамыз шындықтан алшақ болар еді.

Тарихи шындықты ашудың екі жағы бір. Екі халықтың арасында болған соғыстар, онда ерлік көрсеткен батырлар қандай баға алуы керек? ХІХ ғасырдың орта шенінде орыс отаршыларын қарсы халық бұхарасын ұлт-азаттық қозғалысқа көтерген Кенесары Қасымұлы қазақ тарихында жағымды кейіпкер, ал орыс тарихында ол басқаша баға алды. Керісінше Сібір халықтарын жаулап алып, байлығын талан-таражға салып тонаған қанішер. Ермак орыс тарихында ұлттық батыр. Тарих ғылымының нәтижелен-

рін өш алу үшін пайдалануға әсте болмайды.

Тарихтың мәртебелі міндеті әділеттілікті ту етіп, әлемдік тарихи процессті кешенді түрде зерттеу. Өткен заман туралы объективті көзқарас қалыптастыру үшін қоғамның саясатын, шаруашылығын, әлеуметтік қатнастарын, халықтың рухани өмірін бір-бірімен байланыстыра отырып қарастыру қажет. Міне, осылай еткенде ғана тарихи процессті жүйелі түрде, ішкі құбылыстар мен сыртқы себептерді қабыстыра отыра зерттеу мүмкіндігі туады.

Өкінішке орай, әлем тарихында көптеген уақиғаларға объективті көзқарас болмағандығы белгілі. Кейбір халықтардың әлемдік өркениетке қосқан үлесі асыра бағаланғандығы белгілі. Керісінше бірлі-жарымды халықтар әлемдік тарихқа кіре алмай қалды. Содан барып ғылымда жұмыр жерді мекендеген адамзат «тарихи халықтар» және «тарихтан тыс қолған халықтар» деп екіге бөлінеді деген жаңсақ пікір қалыптасты. Ағылшын ғалымы А.Тойнби өзінің «Постижение истории» атты кітабында *«несмотря на нерегулярные набеги на оседлые цивилизации, временные включающие кочевников в поле исторических событий, общество кочевников являются обществом, у которого нет истории»*[7].

XX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жарық көрген ғылыми еңбектер А.Тойнби тұжырымына соққы беріп, оның өміршең еместігін дәлелдеп берді.

Барлық ғылымдарға тән ғылыми-танымдық (эвристикалық) функциясы тарих ғылымына да қатысты. Қоғам алдында тұрған көптеген проблемаларды шешу барысында оған қажетті тарихи білім беру ғылымның қасиетті борышы. Қоғам дамуының әр кезеңінде тарихтың бұл міндеті әрқилы түсіндірілді. Ағылшын ғалымы Г.С. Боллингброк ғылымның шынайы міндетін *«История – это философия,*

которая учит нас с помощью примеров» [8] – деп көрсетті. Неміс ғалымы И.Г. Гредер табиғат және адамзат әлемін бір бірінен ажыратпай адамзат тарихының жаһанды философиясын жасауға тырысты. Ол *«Пространства полны мудрости, а времена полны мнимого хаоса, и, однако, человек сотворен, очевидно, чтобы искать порядок, чтобы внести ясность в свой малый промежуток времени, чтобы грядущее строить на прошедшем – иначе зачем человеку память, зачем воспоминания?»* [9] деп жазған.

Қазақ ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлы *«Тарихты қазақша ұлы дерек деуге, әуезе тобына жатқанымен, айғақшы әуезе болады. Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих»* деп келіп ол оның қоғамдағы орнын ерекше бағалайды. *«Тарихшылар халық басынан кешкен түрлі уақиғалардың мағлұматын, сымға тартқандай, сынга салып, мінсіз етіп, дұрыстап өткізеді»* [10] – деп тарихтың ғылыми-танымдық функциясын анықтайды.

«Адамзат баласының көпшілігі тарихты тек әр түрлі оқиғалардың, құбылыстардың адам аттары мен тарихи фактілердің жиынтығы деп түсінеді» [11] деп жазды белгілі тарихшы Ж.Артықбаев өзі құрастырған оқулық – хрестоматиясының алғы сөзінде.

Шын мәнінде, тарихтың ғылым ретінде негізгі міндеті қоғам дамуының заңдылығын анықтау. XIX ғасырдың екінші жартысында позитивистер бағытындағы, ал кейін маркстіл тарихшылар бұл проблеманы өздерінің негізгі мақсаты ретінде жариялады. Олардың ойынша тек қана тарих ғылымы өз зерттеуінің нәтижесінде қоғам дамуының заңдылықтарын аша алады. Осы проблеманы шешкенде ғана қоғамды ғылыми негізде басқаруға қол жеткіземіз деп есептеді маркстіл ғалымдар.

Дегенмен осы күндері кейбір тарихшылар тарих ғылымының мұндай

функциясына күмәнмен қарайды. Бүгінгі болып жатқан құбылыстарды қоғамда болып өткен уақиғалармен салыстыруға болмайды дейді олар. Сондықтан да адамзат басынан өткізген тарихи тәжірибені бүгінгі мәселелерді шешуге пайдалану шынында да мүмкін болмас.

Кейбір ғалымдар тұжырымы бойынша тарихи тәжірибені болашақты болжау үшін де пайдалануға болатын көрінеді. Москва университетінің профессоры, белгілі тарихшы И.Д. Ковальченко қоғам дамуының көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихын нақтылы зерттеудің іргелі ғылыми маңызы бар деп есептейді [12]. Әсіресе, қоғамның әлеуметтік құрылымын зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді бүгінгі әлеуметтік саясат жүргізу барысында тиімді пайдаланса, қаншама қателіктерге жол берілмес еді.

Тарих ғылымының тәрбиелік функциясы жөнінде көне және орта ғасырларда өмір сүрген тарихшылар айтып кеткен болатын. Антика заманында өмір сүрген батырлардың өмірбаянын жазған Плутарх өзінің негізгі мақсаты жастар тәрбиесі екендігін айтқан [13]. Француздың ағартушы ғалымы Дидро Д. Аламбер өзінің «Энциклопедия» атты еңбегінде тарихтың негізгі міндеті *«состоит в сравнении законов и нравов чужих стран с собственными ... это (сравнение) побуждает современные нации соревноваться друг с другом в искусствах, торговле, земледелии»* [14].

Тарихи білімі бар азаматтың мәдениетті, білімді, көп білетін адам болып өсетіндігі белгілі. Өз халқының тарихын білген жас өскін елін сүйген, халқының қамын ойлаған, жерінің жаңаруы, гүлденуі жолдында күрескер болып тәрбиеленеді.

Қорыта айтқанда, тарихи білім қоғам мүшесінің азаматтық көзқарасының қалыптасуына әсер етеді. Жаңа жағдайда тарих ғылымының алдында-

ғы мақсаттар мен міндеттер шаш етекпен. Шағын мақаламызды акад. М.Қ.Қозыбаевтың мына төмендегі сөздерімен аяқтаймыз: *«Тарихшылардың өз халқының алдындағы қарызы белшеден»* [15] Ал тарихшылар қоғам алдындағы қарызын да, парызын да толығынан өтері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Методологические проблемы истории. / В.Н.Сидорцев и др. Под общ. ред. В.Н.Сидорцева. – Мн.: «Тетра Системе» 2006 – 139 б.
2. Геродот. История. – Л., 1972. 12 б.
3. Неру Дж. Открытие Индии. В двух книгах. Кн.2. Пер. с англ. – М., 1989. – 6 б.
4. Коммеджер Г.С. Цит. по книге: Методологические проблемы истории. / В.Н. Сидорцев и др. Под общ. Ред. В.Н.Сидорцева. – Мн.: «Тетра Системе» 2006 – 141 б.
5. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: Размышления и поиски. В двух книгах. Книга первая. – Алматы: Ғылым, 2000. 4 б.
6. Бұл да сонда. 6 б.
7. Тойнби А. Дж. Постигание истории. – М., 1991. 617 б.
8. Боллингброк Г.С. Письма об изучении и пользе истории – М., 1978. – 11 б.
9. Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества – М., 1978. 9 б.
10. Байтұрсынов А. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу /Құрастырған Р.Нұрғалиев, – Алматы: Жалын. 1991. 399 б.
11. Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы: Оқулық-хрестоматия. – Астана: «Фоли ант». 2000.
12. Қараңыз. Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. М., 1987. – 57 – 60 б.
13. Плутарх. Сравнительные жизнеописания. Т.3. – М., 1964. 194 б.
14. История в «Энциклопедии» Дидро и Д. Аламбера. – Л., 1978. 13 б.
15. Қозыбаев М.К. Ақиқаттар ақтандағы. Алматы 1992. 3 б.